



010000, Астана қаласы, Үкімет үйі

010000, город Астана, Дом Правительства

№ _____

**Қазақстан Республикасы
Парламенті Мәжілісінің
депутаттарына**

*2023 жылғы 20 сәуірдегі
№ ДС -76*

Құрметті депутаттар!

Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің техникалық жағдайына қатысты депутаттық сауалыңызға келесіні хабарлаймын.

Мемлекет басшысының 2022 жылғы 27 қыркүйекте Түркістан облысына жұмыс сапары барысында Қожа Ахмет Ясауи кесенесінің (бұдан әрі – Кесене) жай-күйінің сақталуына қатысты тапсырмасына сәйкес Үкімет тиісті жұмыстар атқаруда.

Қазіргі уақытта Кесененің ылғалдану жағдайы бойынша зерттеу, зерделеу жұмыстары қолға алынған.

2022 жылы Кесененің әр бөлігінде оның температуралық-ылғалдық режимін, қабырғаларындағы жарықшақтарды қадағалайтын мониторингтік жүйе орнатылды. Мүдделі министрліктердің қарамағындағы ғылыми-зерттеу институттары Түркістан қаласында болып, жер асты, жер беті (*суғару, жасанды канал*) суларының Кесенеге ықпалына алдын-ала зерделеу жүргізді. Сонымен қатар, Кесенені қабырғаларынан алынған кірпіш, сталактит, құм қоспасының физикалық-химиялық және физикалық-механикалық қасиеттерін анықтау бойынша лабораториялық зерттеулер жасалды.

Ағымдағы жылы 28 наурызда Кесененің жай-күйін сақтауға қатысты мүдделі мемлекеттік органдар мен ғылыми институттардың қатысуымен кеңес өткіздім. Нәтижесінде мүдделі мемлекеттік органдарға Кесененің жағдайының нашарлауын анықтау бойынша тиісті институттар мен мамандарды тарта отырып, зерттеу жұмыстарын тездету, оған іргелес орналасқан Яссы бағын пайдалануға беру барысында ғалымдар мен мамандардың ұсынымдарына сәйкес жасыл желектерді суару нормаларын сақтау және тағы басқа тапсырмалар берілді.

2022-2024 жылдарға арналған кешенді жоспар жасақталды. Осы жоспар шеңберінде Кесененің жағдайын әртүрлі бейімдегі ғылыми-зерттеу институттары 2023 жылы зерделеу жұмыстарын жүргізеді. Ғылыми зерттеу

жұмыстарына Қазақ құрылыс және сәулет ғылыми-зерттеу және жобалау институты, У. Ахмедсафин атындағы Гидрогеология және геоэкология институты, Ботаника және фитоинтродукция институты, «Қазқайтажаңарту» мекемесі, Ясауи атындағы қазақ-түрік университеті, «Әзірет Сұлтан» мемлекеттік республикалық тарихи-мәдени музей-қорығы қатысады.

Кесене Қазандықтан 8 дәлізбен тарайтын 35 бөлмені құрайтын биіктігі 40 метрге жуық зәулім ғимарат. Осы орайда, ауқымды ғимараттың техникалық жағдайын сүйемелдеп отыру үшін республикалық бюджеттен жыл сайын қаржы қарастырылып отырады. 2023 жылға арналған республикалық бюджеттен Кесенеде толық ғылыми-зерделеу жұмыстарын жүргізуге 317 млн теңге қаржы бөлінді.

Жалпы, Кесененің жағдайы әрқашанда мүдделі мемлекеттік органдардың бақылауында және тиісті шаралар қолға алынып, жұмыстар жүргізілуде.

Осы мәселелерді бірлесіп шешу үшін Үкіметпен қатар қоғам өкілдерінің және депутаттық корпусының атсалысуы маңызды. Аталған бағыттар бойынша нақты ұсыныстарыңыз болған жағдайда Үкімет оларды Сіздермен талқылауға мүдделі екендігін хабарлаймын.

А. Көлгінов